

Жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Жітіқара ауданы Тоқтаров ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 9 қаңтардағы № 2 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 71-1-бабы 2-тармағына, 140 - бабына сәйкес Жітіқара ауданының Тоқтаров ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :

1. "Геологиялық – экологиялық комплексті экспедиция" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қолданылу 2027 жылғы 17 маусымға мерзімге берілген геологиялық бөлу шегінде пайдалы қазбаларды барлау операцияларын жүргізу, бүлінген жерді жаңғыртуға, оның құнарлылығын және жердің басқа да пайдалы қасиеттерін қалпына келтіру үшін Жітіқара ауданы Тоқтаров ауылдық округінің аумағында орналасқан ауданы 95 гектар, 216 гектар жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгіленсін.

Жер учаскелерінің жалпы ауданы 311 гектарды құрайды.

2. "Жітіқара ауданының Тоқтаров ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімге қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қостанай облысы бойынша "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалына жіберу;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Қостанай облысы Жітіқара ауданы Тоқтаров ауылдық округі әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жітіқара ауданы Тоқтаров ауылдық округінің әкімі

А. Жусупов